

МЕТАМОДЕРННІҢ ҚАЗАҚСТАН ПОП-МУЗЫКАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Мерует Мухсиынова¹

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. XXI ғасырдың басында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамзаттың цифрлық дәуірге өтуіне алып келді. Осылайша, жаһандық капитализмнің пайда болуына байланысты барлық мәселелер жаһандық мәртебеге ие болды. Бұл құбылысқа жауап ретінде жаңа жалпы «тіл» – метамодернизм қалыптасты. Сонымен қатар, осы «тіл» уақыт рухының көрінісі болып табылатын музыкада да көрініс бере бастады. Аталмыш зерттеудің мақсаты – осы құбылыстың әртүрлілігін ескере отырып, қазақстандық поп-музыкадағы метамодернизмнің көрінісін анықтау. Зерттеудің міндеттері қазақстандық поп-музыкадағы метамодерндік элементтерді тиісті теорияны пайдалана отырып талдауды қамтиды. Зерттеу бастамасына постструктуралист теориялық перспективасы таңдалып, заманауи поп музыка дискурсын анықтау мақсатында музыкалық этнография әдіснамасын, соның ішінде контент анализ әдісі пайдаланды. Зерттеу нәтижесінде метамодерндік тенденциялары бар поп-музыканың категориялық ерекшеліктері анықталды. Зерттеудің негізгі қорытындылары ретінде қазақстандық поп-музыка өнері өзінің ұлттық бірегейлігін сақтай отырып және қазіргі заманғы үрдістерге сәйкес әлемдік музыкалық мәдениетте өзіндік орын алатындығы атап көрсетілді. Заманауи «сезім құрылымын» көрсететін өзіндік модельді қалыптастырудағы бейнесі сарапталады. Бұл зерттеу музыкатану және мәдениеттану тұрғысынан қазақстандық поп-музыканы зерттеуге үлес қосады деп сенеміз.

Түйін сөздер: метамодернизм, жаһандық өзгерістер, поп-музыка, технология, ұлттық бірегейлік, музыкалық стиль, жанр, эстетикалық үрдістер

Дәйексөз үшін: Мухсиынова, Мерует. «Метамодерннің Қазақстан поп-музыкасындағы көрінісі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 2, 2024, с. 212–226, DOI: 10.47940/cajas.v9i2.869

Алғыс: Автор «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакторларына мақаланы баспаға дайындауға көмектескені үшін және анонимді рецензенттерге зерттеуге назар аударып, қызығушылық танытқаны үшін алғысын білдіреді.

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

XI ғасырдың басты тенденциясы Хақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты Web 2.0 форматындағы әлеуметтік платформалардың пайда болуының нәтижесінде әлеуметтік теңсіздіктің өсуі, экологиялық қауіптер деген сияқты жаһандық мәселелер медиа арнасында бой көтерді. Бұл, өз кезегінде, экономикалық және мәдени парадигмалардың өзгерісіне, яғни жаңа тенденциялардың, жаңа принциптердің, жаңаша ойлау үлгілерінің және бұл үлгілерді суреттейтін жаңаша «тілдің» пайда болуына алып келді.

Қалыптасқан бұл құбылыс «метамодернизм» деп аталады. Терминді қолданысқа алғаш енгізген Робин ван ден Аккер мен Вермюлен болатын және алғаш рет өздерінің «Метамодернизм туралы ескертпелер» деп аталатын мақаласында «Метамодернизм, сайып келгенде, қазіргі мәдени сын — қатерлерге жауап беру әрекеті, яғни постмодернизмнің өзгеруін көрсететін термин. Дәлірек айтқанда, осы бағыттағы заманауи прогресс, сондай-ақ бұл сенімге қабылданатын принцип емес, керісінше мәдени құбылыс, оның негізгі аспектісі «модернистік міндеттеме мен айқын постмодерндік алшақтау» арасындағы осцилляция болып табылады», — деп атап көрсете отырып, метамодернді 2000 жылдары батыс мәдени ортасында пайда болған «сезім структурасы» деп тұжырымдайды, яғни бұл қозғалыс емес, философия емес, керісінше постмодерннің жаһандық капитализмге сай мәдени логика ретінде қарастыруды ұсынады (38-40). Басқаша айтқанда, 2000 жылдары басталған әлемдік өзгерістерді түсіндіретін мәдени-эстетикалық дискурс ретінде ұсынады.

¹Бұл жерде зерттеулердің музыкадан өзге салаларда жүргізілгені туралы айтылады

Робин ван ден Аккер мен Вермюлен әдебиеттанушы Уильямстың сезім структурасына сілтеме жасай отырып, «сезім құрылымы... біздің өмірімізге терең енген, оны жай ғана шығарып алуға немесе жалпылауға болмайды; оны тәжірибе ретінде түсінуге болады, оны тек өнер арқылы ғана бөлісуге болады, оның маңыздылығы да осында» деп түсіндіріп, метамодерннің мәдениет саласында айқын көрінетінін атап көрсетеді (42).

Метамодерннің музыкадағы көрінісіне келсек, бұл туралы көптеген зерттеулер жасалып, әртүрлі сипаттамалар беріле бастады¹. Ақпараттық технологиялардың дамуы поп-музыка саласына да үлкен өзгерістер әкелгені анық. Сонымен қатар, тарихи тұрғыда, XX ғасырдың соңында пост-кеңестік кеңістікте пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің өз бірегейлігін іздеуі — осының барлығы музыка «тіліне» әсер еткені белгілі. Қазақстанда музыка саласындағы өзгерістер 1991 жылдан бері орын алғаны белгілі, бұл туралы да зерттеулерде еліміздің музыка саласының жаһандық тенденцияға бет бұрғаны туралы көрсетілген. Мысалы Недлина «Қазақстан музыкалық мәдениетінің XX-XXI ғасырлар тоғысындағы даму жолдары» атты зерттеуінде осы өзгеріске тән аралықты «жасанды синкреттілік» деп те анықтайды (80). Метамодерннің музыкаға алып келген үрдістеріне назар аударып Настасья Хрущева бұл тенденция негізінен заманауи музыкаға тән екенін атап көрсетеді (8).

Бұл зерттеудің мақсаты метамодерннің қазақстандық поп-музыка саласында метамодерн көріністерін талдау болып табылады. Осыған байланысты метамодерннің Қазақстан поп-музыкасындағы көрінісін зерттеуді мақсат етіп алудың себебі әлемдік тенденцияның елдегі поп-музыка саласындағы өзіндік реңкін анықтаумен тікелей байланысты. Әрине, бұл өз кезегінде ғылыми тұрғыдан да зерттеуге деген қызығушылықтарды арттырып келеді. Зерттеудің мақсатына

орай төмендегідей зерттеу міндеттері туындайды:

1. Метамодерннің поп-музыкадағы болмысын анықтау

2. Қазақстан поп музыкасындағы метамодерннің ерекшеліктерін сипаттау.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес музыкалық этнография әдіснамасы пайдаланылды, сонымен бірге дискурс анализін жасау үшін аталған әдіснаманың аясында талдау әдісі арқылы қазақстандық поп-музыка саласындағы метамодерн көріністері анықталады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысына постструктурализм теориялық перспективасын негізге ала отырып, музыкалық этнография әдіснамасы аясында контент-анализ әдісі қолданылды.

Постструктурализм теориялық перспективасы метамодерн идеясының структурасын анықтауда жан-жақты дискурстық талдау жүргізу арқылы концептуалды түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дискурстық анализ сапалы зерттеу әдіснамасындағы құнды әдістерінің бірі болып саналады. Аталмыш әдіс көптеген әлеуметтік зерттеу салаларында, соның ішінде пәнаралық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Зерттеу барысында дискурстық анализдің нарративті формасы қолданылды, себебі музыкада қолданылған мәтіндердің және басқа да медиа форматтардың контентіндегі қолданылған сөз тіркестерін, олардың қазақ музыка әлеміндегі цитаталарға сілтемелерін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан поп музыка саласындағы метамодерн көрінісі мен сипатын анықтауда дискурстық анализдің қолданылуы зерттеудің ауқымын ашуға көмектесті.

Жалпы музыкалық этнография әдіснамасы арқылы Робин ван ден Аккер мен Вермюлен ұсынған метамодерн теориясы тұрғысынан

еліміздің поп-музыкасындағы өзгерістер сипатталады. Ұсынылған теория бойынша метамодерннің ерекшелігі – модернизм мен постмодернизм арасында осцилляция принципі арқылы синтез бола отырып трансцендентальды анализге ұмтылуында, яғни ақиқатты іздеу жолындағы ізденіс бола отырып, «сезім структурасының» сан алуан өзгеріске түсуі болып табылады. Бұл теория еліміздің поп-музыка саласындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді жаһандық қозғалыспен салыстыра отырып талдауға мүмкіндік береді, өйткені теориядағы формалар мен категориялар еліміздің поп-музыкасындағы көріністерді зерттеуге жол ашады.

Музыкалық талдау әдісі музыкалық шығармаларды, олардың жанрлық стилистикасын, музыка тілін, сондай-ақ компоненттердің әрқайсысының рөлін және олардың мазмұнын жеткізудегі өзара әрекеттесуін зерделеуге арналған ғылыми зерттеу әдісі болып табылады. Бұл зерттеуде аталмыш әдіс, негізінен музыкалық туындылардың стильдерін, жанрын анықтауда қолданылды.

Сондай-ақ, поп-музыка саласындағы өнер туындыларын талдауда контент-анализ тәсілі де қолданылды, жалпы бұл әдіс, негізінен, қолданыстағы құжаттардың жалпы мағынасына немесе хабарламасына қатысты сапалы талдау және ауызша материалдардың табиғатын зерттеуге қатысты әрекет болып табылады (Kothari 110). Контент-анализ тәсілі YouTube платформасында жүктелген отандық поп-музыка аудио-видео материалдарын талдауға қолданылды, яғни өнер туындыларына шолу жасалынып, олардың мазмұнына үңіліп, тематикалық талдауда қолданылды.

Нәтиже

Жалпы, қазақстандық поп-музыкадағы метамодерн көріністерінің, яғни метамодернге тән сезім структурасы

күйінің бірнеше ерекшелігін байқауға болады. Алдымен метамодерннің әлеуметтік мәдени контексті арқылы ажыратып көрсетер болсақ, келесі кестеден поп-музыкадағы сырт бейнесін байқауға болады (1-кесте).

Екіншіден, тарихи режим көрінісі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдени бірегейлікті ашу мақсатында көптеген поп-музыкалық композицияларға бейне баяндар (клиптер) түсіріле бастады. Бастапқыда 90-жылдары тек

1-кесте. Метамодерндік поп-музыканың әлеуметтік-мәдени контексті

Әлеуметтік-мәдени аспектілері	Негізгі белгілері	Поп-музыкадағы көрінісі
Жаһандану және мәдени будандасу	Бір мезетте екі деңгейде болу (ұлттық және әлемдік)	Димаш Құдайберген шығармашылығы, 91 тобы, Скриптонит
Саяси және әлеуметтік пікірлер	Нарративтер	ИК «5000» Мархаба Саби «Қисық Жүйе»
Технология және сандық медиа	Сандық медиаға аса назар аударуы	Молданазар, Kalifarniya, Raim
Бірегейлік және оның көрінісі	Түпнұсқа және апроприация	Dude on the guitar, Qanay, Yenlik

Енді метамодерндік поп-музыканың шығармашылығына, яғни ішкі құрылымына әкелген өзгерістеріне үңілсек, бірнеше ерекшеліктерді байқауға болады.

Біріншіден, жанрлар синтезі, яғни поп-музыка өкілдері әртүрлі стильдерді араластыру арқылы жаңа музыка жазу тенденциялары байқалады, яғни ұлттық музыка интонациясын (әндерді қазақ тілінде орындау арқылы) әртүрлі стильдермен араластыру арқылы жаңа музыка жасау тенденциясы көреміз. Бұл өз кезегінде музыкада қазақ тілді жаңа кеңістіктің пайда болуына әкелді. Мұндай тенденцияның артында шынайылыққа ұмтылыс тұрғаны анық, яғни басты мақсат әртүрлі стильдерді араластыру арқылы музыканың шынайы эстетикасын ашу болып табылады. Аталмыш құбылыс мысалдарына Димаш Құдайберген, Ғалымжан Молданазардың, 91 тобының шығармашылығын жатқызуға болады (2-кесте).

символикалық бейнебаяндар болса, кейінгілеріне назар аударатын болсақ, аудиториямен байланысқа түсетін нұсқаларды байқауға болады. Мысалы Ирина Қайратовна тобының көптеген туындыларын алып қарар болсақ, музыканың мәнін ашу мақсатында символдан тексттік анализге көшу тенденциясы байқалады. Бұл жерде дәстүрлі аллегория (Еламанова 45) көптеп қолданылады, яғни музыканттар ХХІ ғасыр ирониясын пайдалана отырып, кеңес дәуіріне дейінгі ұлттық мұраға да бет бұрғанын байқатады. Бұл өз кезегінде шығарма құрылымындағы нарративтің өн бойына тербеліс тудырады және сол арқылы аудиторияның субъективті ойына тәуелді бола келе, индивидуалды интерпретация қалыптастыруды көздеген.

Үшіншіден, сандық медианы тамаша пайдалану арқылы шығармашылығын, негізінен, сандық ортада тарататын музыканттар да кездеседі. Олардың бір

Жанрлар	Орындаушылар
Классикалық кроссовер (classical crossover); блюз, джаз, рок элементтері бар жаңа поп стилі; Димаш Құдайберген	Димаш Құдайберген
Синти-поп; фанк; инди-рок; авторлық стиль	Ғалымжан Молданазар
Qazaq pop (Q-pop)	91 тобы

ерекшелігі шығармашылығы толықтай сандық медиамен жасалады, яғни жалпы әсерді арттыру үшін визуалды элементтер мен театрлылықты қолданады. Өз шығармашылығында электронды музыканың мүмкіншіліктерімен қатар, акустикалық дыбыстар шығару эстетикасын, DIY (DoItYourself) концепциясын пайдалана отырып, өз шығармашылығын шебер дәрежесіне жеткізе білген музыканттар да кездеседі, яғни бұл музыканттар ешқандай продюссер немесе басқа да делдалсыз шығармашылықтың шыңына шыға білді. Бұл өз кезегінде ван Туиненнің құндылықтар жүйесін қалыптастыру концепциясына сай келеді. Kalifarniya, Qanaу атты поп-музыка өкілдерін осы категорияға жатқызуға болады.

Төртіншіден, метамодерннің музыкадағы ықпалының көрінісі қарапайым мелодия мен гомфонды-гармонияның қайтып оралуы арқылы, сондай-ақ меланхолия мен эйфорияның бір мезетте қатар қолданылуы арқылы көрінеді (Хрущева 18). Қазақстандық поп-музыкада Kalifarniya шығармашылығынан осы құбылысты байқауға болады. Автор әндерінде меланхолияны да, эйфорияны да көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ, музыкаға есте сақтауға жеңіл қарапайым мәтіннің, қарапайым әуеннің, ритмнің оралуы — дәстүрлі музыкада болған, бірақ ұмытылған импровизацияның қайтып оралуына, яғни импровизацияға бай ортада қолданылған дәстүрлі

«формулалардың» қайтадан музыкада көрініс беруіне септігін тигізуде. Qanaу шығармашылығынан қарапайым «формулаларды» көптеп кездестіруге болады. Дәстүрлі әндегі «формулалар» туралы, яғни бір әуеннің әртүрлі әндерде кездесуін, С. Еламанова бұл құбылыстың музыкада жанрдың пайда болуына әкелді деп тұжырымдайды (7).

Бесіншіден, Вермюлен мен ван ден Аккер тұжырымдаған тұңғиық формасы қазақстандық поп-музыкада ұзақ, кең дыбыстар диапазонына негізделген туындыларда кездесуде. Бұл дәстүрлі қазақи дыбысқа қайтадан оралуды, яғни қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі ритмдер мен ладтық ерекшеліктерге мән беру тенденциясы байқалады. Ұзақ дыбыстар қазақ даласының спецификасына байланысты дәстүрлі ән өнерінде көптеп кездеседі (Утегалиева 32). Соның ішінде жоғалған «қоңыр» дыбыс идеясын қайта іздеу, оны жаңа заманауи эстетикаға бейімдеу тенденциясы байқалады. Бұл құбылысты Димаш Құдайберген шығармашылығынан анық көруге болады. Алғаш тыңдаған адамға Димаштың ән салу практикасы академизмге ұқсауы мүмкін, алайда дәстүрлі ән салу практикасы перспективасы тұрғысынан қарағанда, Димаштың ұзақ, төменгі және жоғары регистрлерді пайдалануы, микротондарға мән беруі және сол арқылы әннің мазмұнын ашу практикасы — Димаштың дәстүрлі ән айту практикасына сүйенген эстетикасы екені анық көрінеді. Мұның

өзі Вермюлен мен ван дер Аккердің концептуалдаған тұңғық формасындағы реконструкция ұғымына сай келетінін байқауға болады,

Пікірталас

Сонымен, метамодерннің музыкадағы ерекшеліктері постструктуралистік перспективадан қарағанда қандай болуы мүмкін?

Тарихи тұрғыда, қазақстандық поп-музыканың тарихы ХХ ғасырдың бірінші жартысында ресейлік эстрада музыкасы негізінде, яғни қалалық романс күйінде қаланғаны белгілі. Ал ресейлік эстрада музыкасы ХІХ ғасырда қалыптасқан водевиль (vaudeville француз тілінен аударғанда — эстрадалық қойылым) жанры негізінде дүниеге келді. Кеңес үкіметінің «жаңа кеңестік» бейнені қалыптастыру мақсатында «жаңа» үлгідегі ән айту, «жаңа» жанрлардың (вальс, романс) пайда болып, осы еуропацентризмге шалдыққан үлгіні халықтың санасына сіңіру мақсатында оқу орындарының да ашылғаны тарихтан белгілі. Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін төл мәдениетке қайта оралу тенденциясы басталды. Бұл өзгеріс қазақстандық поп-музыканың динамикасындағы қозғалысты көрсетеді. Әсіресе, ақпараттық технологиялардың енуі, сонымен қатар жаһандық метамодерн парадигмасы принциптерінің енуі — поп-музыкадағы үлкен өзгерістерді тездетті, себебі Хрущева атап көрсеткендей метамодерннің негізгі алып келген жаңалығы — әр адам бұл жаһандық кеңістікте әрі суретші, әрі композитор, әрі әнші, яғни контент жасаушы бола алады (14). Нәтиже бөлімінде көрсетілгендей, қазақстандық поп-музыканың кейбір өкілдерінің шығармашылығынан бұл жаһандық үрдіске бетбұрушылық байқалады, яғни әншінің орындаушы болуымен қатар композитор және контент жасаушы екені анықталды. Бұл үрдіс,

өз кезегінде, поп-музыка өкілдерінің контент жасауда метамодерн үрдісін, яғни әлемдік тенденцияда өз орнын алуымен ерекшеленетінін байқатады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі мәтіндерге орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндердің қосылуы полисемантикалық дискурсқа мәнін беріп, тыңдаушыларға өз интерпертацияларын табуға мүмкіндік ұсынады.

Метамодернизмнің модернизм мен постмодернизм арасындағы осцилляция (тербеліс) екенін ескере отырып, музыкадағы метамодерннің осы екі тенденцияға тән эстетиканың қиылысуы мен тоғысуы нүктесінде дамитыны түсінікті. Модернизм ұраны «жаңадан жаса» (Albright 8) болса, постмодернде модернизм идеяларына деген сенімнің жоғалуын (Gloag 6) білдіреді. Метамодернизм осы екі стиль ортасындағы «сезім структурасының» эстетикалық құбылысы ретінде түсіндіріледі, ал музыкада әртүрлі жанрлар мен стильдердің бірігуі арқасында, олардың арасындағы шекараны бұлдыратып, эклектикалық дыбыстық пейзаждарға әкелуі мүмкін. Нәтиже бөлімінде анықталғандай, қазақстандық поп-музыка өкілдерінің стильдер мен жанрлар синтезін қолдануы — қазақстандық «сезім структурасын» қалыптастыру болып табылатыны анық. Нәтижесінде, әртүрлі жанрлар мен стильдердің синтезі тоғысында бірегейліктің жаңа түріне ойысқанын байқауға болады, яғни жаһандық адами құндылықтарға негізделген қазақстандық поп-музыка өнімдерін ұсынады.

Метамодерн концепциясына келсек, ван ден Аккер мен Вермюлен метамодерн парадигмасын 3 негізгі формаға (тарихи режим, аффект және тұңғық) жіктейді (58). Бұл формаларға тән эстетикалық тенденциялар әр салада әртүрлі көрінуі мүмкін. Мысалы, тарихи режимде біртүрлілік (quigku) ерекшелігін кинокритик Джеймс МакДауэлл ұсынады, мұны

мелодраманың комедиямен ауысуы, эмоциялық дистанция, балалық шаққа қызығушылық сияқты «сезім структурасының» ауысуын келтіреді (35). Метамодерндегі «сезім құрылымын» түсіну үшін «quick» (біртүрлілік) ұғымын дискреттік ұғым ретінде пайдалануды ұсынады (ван ден Аккер және басқалары 72), яғни шынайылық пен иронияның арасында жүруді суреттейді (Rombes 85). Музыкада мұндай өзгеріс стильдердің ауысуы, ритмдердің алмасымы, әртүрлі ладтардың алуан түрлі аккордтармен бірге қолданылуымен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде біртүрлі сезімге алып келеді. Ал Тони Моррисонның әйгілі «Сүйікті» атты романын зерделеген Джош Тот метамодернге уақыт икемділігі тән және бұл прозаларда байқалатынын атап көрсетеді (106). Поп-музыкадағы уақыт икемділігі ладтардың, әртүрлі инструменттердің, ритмикалық суреттер, тіпті дыбыстың акустикалық ерекшеліктерін (флажолет) пайдалану арқылы беріледі, бұл құралдар тарихи нарративтерге «сілтеме» жасауға, уақыт кеңістігіне өзгеріс енгізуге мүмкіндік береді. Осы аталған ерекшеліктерді Ирина Қайратовна тобының шығармашылығынан аңғаруға болады. Тарихи нарративтерге «сілтеме» жасауда қазақ андерграунд музыкасын трендке айналдырып отырғаны анық, себебі осы уақытқа дейін қазақ андерграунд музыкасы тек осы жанр типтеп музыканы ұнататын ортада орындалып келсе, Ирина Қайратовна тобының тарихи «сілтемелерінің» арқасында бұл музыкалық жанр тұтастай қазақ музыка әлеміндегі құбылысқа айналып отыр. Мұның себебі рэп жанры жыраулық дәстүрге тән речитатив техникасын қолдана отырып, әлеуметтік проблемаларға назар аудартуында болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, поп-музыка сахнасы саяси-әлеуметтік алаңға айналып келе жатқанын байқатады.

Йорг Хейзер тарихи режимдегі тағы бір эстетикалық тенденция

супергибридтілік деп көрсетеді, яғни технологияның өзгеруі мәдениетте өткен заман идеясын немесе аңызын заманауи технологияларды пайдалану арқылы өмірге қайта әкеледі деп санайды (126). Ал бұл ерекшеліктің музыкадағы көрінісіне келсек, YouTube, Spotify, AppleMusic сияқты жаңа платформалардың пайда болуы, музыканы таратудың децентрализациялануы оның ризоматиптес болуына әкелді (Hikken 23), яғни тұтастық жоғалып, иерархиясыз «көшпелі» модельдердің пайда болуына себеп болды. Музыкада ешқандай лейблдерге қатысы жоқ инди-музыканттардың пайда болуына, әртүрлі музыкалық программаларды шығармашылықта кеңінен пайдалану және музыканттардың диджитал шығармашылыққа көшкені де осы супергибридтіліктің мысалы бола алады. Қазақстандық музыканттардың жеке Инстаграм немесе YouTube парақшаларының болуы және көрермендермен тікелей қарым-қатынасқа түсуі интерактивті және децентрализацияға ұшыраған дискурстың дәлелі бола алады.

Метамодерннің тұңғық формасын талқылаған Тимотеус Вермюлен сыртқы келбет ішкі тұңғық сезімнің не құбылыстың бар екенін сездіреді және бұл метамодерннің тұңғықты сыртқы көріністе қолдануы деп түсіндіреді, яғни модернистер аталмыш сезімді көрсетуге ұмтылса, постмодернистер сыртқы келбетке назар аудартуға тырысты, ал метамодернистер сыртқы келбетке осы аталған сезімді қосақтай отырып көрсетеді (8). Губер мен Функ әдебиетте бұл көрініс реконструкция, оқырманды жауапкершілікке шақырумен, және субъективті форма аутентивтілікті және индивидуалды көзқарасты қалыптастырады деп ой түйеді (247). Бұл категорияға сай келетін Димаш Құдайберген шығармашылығының дәстүрлі қазақ музыкасының қоңыр

(төменгі дыбыс келісімділігі) және жарқын (жоғарғы дыбыс келісімділігі) дыбыс идеалына жақындатуға еңбектенуінен көрінетін құбылысты атауға болады.

Жалпы, дискурстық талдау негізінде қазақстандық поп музыка өкілдерінің өз шығармашылығында қандай сипаттарға мән беруі арқылы, ұлттық бірегейліктің қалыптасуына үлес қосатынын байқауға болады.

Негізгі тұжырымдар

Мақалада метамодерннің қазақстандық поп музыкадағы көрінісі зерделенді. Бұл құбылыстың енгізген әлеуметтік контексттегі өзгерістерімен шығармашылыққа әкелген жаңашылдығы қарастырылды.

Негізгі өзгеріс — технологияның берген мүмкіншілігін кеңінен пайдалана отырып, уақыт талабы мен мүддесін алға қоя отырып, музыкада жаңа сезім структурасын бейнелеу болып табылады. Бұл өзгеріс туынды лирикасына, гармониясына, дыбыс іздеу, яғни тарихи ақтандақтарға қайта оралу сияқты эстетикаға әсер ететін қадамдармен ерекшеленіп тұр.

Сондай-ақ, әр музыкант бірегейлігі аясында жаһандық поп музыкаға өз үлесін қосуда. Әр музыканттың жеке бірегейлігі медиамен тығыз байланысты және шығармашылығындағы жаңа тренд қалыптастырумен ерекшеленеді. Өз кезегінде мұндай шығармашылық «сезім структурасының» әр алуандығы үшін қызмет етіп, қазақ қоғамында жаңа энергетика қалыптастырумен қатар, ұлттық қазақи, ұлттық бірегейліктің жаһандық мәдениетте жаңа көрінісімен ерекшеленуде.

Қорытынды

Ақпараттық технологиялар дамуының арқасында метамодерн өнерде «сезім структурасына» негізделген жаңа мәдениет парадигмасы поп музыкада өз ерекшеліктерімен дамуда. Әлбетте, бұл парадигманың әр өнер саласы әртүрлі күй кешуде, алайда барлығына тән бір ерекшелік ол осцилляцияға, яғни тербеліске негізделген болмысы. Аталмыш тербеліс жанрлар, стильдер, тарихи режимдер, эмоциялар арасындағы үнемі толқуларды көрсетіп тұрады, осының нәтижесінде шынайылық, қарапайымдылық, неоромантизм сияқты эстетикалық тенденциялар қалыптасуда.

Қазақстандық поп музыкада ұлттық бірегейлік қалыптастыру, музыкада қазақ тілді әндер жазу, оларды дәстүрлі аллегория, қарапайым әуендер қолдану арқылы тарихи жадыдан өшірілген импровизацияға қайта оралу сияқты эстетикалық тенденциялармен ерекшеленуде. Бұл, өз кезегінде, қазақстандық поп-музыканың әлемдік поп музыкада үлкен мәртебеге ие болып, қазақ музыкасының жаһандық болмысқа ие болуына септігін тигізуде.

Бұл зерттеуде метамодерннің көріністері анық көрінетін поп-музыка туындыларына мән берілді, әрине, зерттеудің өз лимиттері болғаны анық, мысалы тәуелсіздіктен кейінгі постмодерннің символизміне негізделген поп-музыка туындыларының уақыт өте келе өзгергені туралы да жазуға болар еді, бірақ зерттеудің мақсаты метамодерн эстетикалық көріністерін зерделеу болғандықтан осы мақсаттан және зерттеу міндеттерінен алшақтамауға мән берілді.

Деректер тізімі:

- Елеманова, Саида. *Казахское традиционное песенное искусство*. Алматы, Дайк-пресс, 2000.
- Недлина, Валерия. *Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже XX–XXI столетий*. 2017. ФГБОУ ВО «Московская государственная консерватория имени П. И. Чайковского», кандидатская диссертация, www.mosconsv.ru/upload/images/Documents/DiserCand/nedlina_dissertation.pdf. Дата доступа 9 марта 2024.
- Утегалиева, Сауле. *Звуковой мир музыки тюркских народов: на материале инструментальных традиций Центральной Азии*. 2016. ФГБОУ ВО «Московская государственная консерватория имени П. И. Чайковского», докторская диссертация, www.mosconsv.ru/upload/images/Documents/DiserCand/nedlina_dissertation.pdf. Дата доступа 9 марта 2024.
- Хрущева, Настасья. *Метамодерн в музыке и вокруг нее*. Рипол Классик, 2020.
- Albright, Daniel, ed. *Modernism and music: an anthology of sources*. University of Chicago Press, 2004.
- Gibbons, Alison. “ii. Metamodern affect.” *Metamodernism: historicity, affect and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp.196–215.
- Gloag, Kenneth. *Postmodernism in music*. Cambridge University Press, 2012.
- Heiser, Jörg. “Super-Hybridity: Non-Simultaneity, Myth-Making and Multipolar Conflict.” *Metamodernism: Historicity, Affect, and Depth After Postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 55–68.
- Hicken, Scott. “Rapping in the clouds: Shifting identities and metamodern tendencies in internet hip-hop.” 2018, <https://scholar.colorado.edu/concern/articles/jq085k57m>
- Huber, Irmtraud, and Wolfgang Funk. “Reconstructing Depth: Authentic Fiction and Responsibility.” *Metamodernism: Historicity, Affect, and Depth After Postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 151–166.
- Konstantinou, Lee. “Four faces of postirony.” *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017 pp. 87–102.
- Kothari, Chakravanti Rajagopalachari. *Research methodology*. New Age, 2004.
- MacDowell, James. “The metamodern, the quirky and film criticism.” *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 25–40.
- Rombes, Nicholas. “Irony and Sincerity”. In *New Punk Cinema*, edited by Nicholas Rombes, Edinburgh, Edinburgh University Press, 2005, pp.72–85.
- Toth, Josh. “Toni Morrison’s Beloved and the rise of historioplastic metafiction.” *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 41–53.

Van den Akker, Robin, Alison Gibbons, and Timotheus Vermeulen, eds. *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017.

Van Tuinen, Sjoerd. "The cosmic artisan: Mannerist virtuosity and contemporary crafts." *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism* Rowman & Littlefield, 2017, pp. 69–82.

Vermeulen, Timotheus. "Metamodernist Affect." *American Book Review* vol.34, no.4, 2013, pp. 8–9.

Vermeulen, Timotheus, and Robin Van Den Akker. "Notes on metamodernism." *Journal of aesthetics & culture* vol. 2, no. 1, 2010, DOI:10.3402/jac.v2i0.5677

References

- Albright, Daniel, ed. *Modernism and music: an anthology of sources*. University of Chicago Press, 2004.
- Yelesmanova, Saida. *Kazakhskoye traditsionnoye pesennoye iskusstvo [Kazakh traditional song art]*. Almaty, Dayk-press, 2000 (in Russian)
- Gibbons, Alison. "ii. *Metamodern affect*." *Metamodernism: historicity, affect and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp.196–215.
- Gloag, Kenneth. *Postmodernism in music*. Cambridge University Press, 2012.
- Heiser, Jörg. "Super-Hybridity: Non-Simultaneity, Myth-Making and Multipolar Conflict." *Metamodernism: Historicity, Affect, and Depth After Postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 55–68.
- Hicken, Scott. "Rapping in the clouds: Shifting identities and metamodern tendencies in internet hip-hop." 2018, <https://scholar.colorado.edu/concern/articles/jq085k57m>
- Huber, Irmtraud, and Wolfgang Funk. "Reconstructing Depth: Authentic Fiction and Responsibility." *Metamodernism: Historicity, Affect, and Depth After Postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 151–166.
- Konstantinou, Lee. "Four faces of postirony." *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism* Rowman & Littlefield, 2017 pp. 87–102.
- Kothari, Chakravanti Rajagopalachari. *Research methodology*. New Age, 2004.
- Khrusheva, Nastassya. *Metamodern v muzike i vokrug neye [Metamodernism in Music and Around It]*. Rypol Classic, 2020. [in Russian]
- MacDowell, James. "The metamodern, the quirky and film criticism." *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 25–40.
- Nedlina, Valeriya. *Puti razvitiya muzykal'noj kul'tury Kazahstana na rubezhe XX–XXI stoletij [Ways of Development of the Musical Culture of Kazakhstan at the Turn of the 20th – 21st Centuries]*. 2017. Moscow, Moscow State Conservatory, PhD Thesis, www.mosconsv.ru/upload/images/Documents/DiserCand/nedlina_dissertation.pdf. Accessed 10 March 2024. (In Russian)
- Rombes, Nicholas. "Irony and Sincerity". In *New Punk Cinema*, edited by Nicholas Rombes, Edinburgh, Edinburgh University Press, 2005, pp.72–85.
- Toth, Josh. "Toni Morrison's Beloved and the rise of historioplastic metafiction." *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017, pp. 41–53.
- Utegaliyeva, Saule. *Zvukovoy mir muzyki tyurkskikh narodov:na materiale instrumentalnykh traditsiy Tsentralnoy Azii [The Sound World of Turkic Peoples' Music: Based on the Material of Central Asian Instrumental Traditions]*. 2017. Moscow, Moscow State Conservatory, PhD Thesis, www.mosconsv.ru/upload/images/Documents/DiserDoctor/utegaliyeva-dissertation.pdf. Accessed 10 March 2024. (In Russian)

Van den Akker, Robin, Alison Gibbons, and Timotheus Vermeulen, eds. *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism*. Rowman & Littlefield, 2017.

Van Tuinen, Sjoerd. "The cosmic artisan: Mannerist virtuosity and contemporary crafts." *Metamodernism: Historicity, affect, and depth after postmodernism* Rowman & Littlefield, 2017, pp. 69–82.

Vermeulen, Timotheus. "Metamodernist Affect." *American Book Review* vol.34, no.4, 2013, pp. 8–9.

Vermeulen, Timotheus, and Robin Van Den Akker. "Notes on metamodernism." *Journal of aesthetics & culture* vol. 2, no. 1, 2010, DOI:10.3402/jac.v2i0.5677

Мухсинова Мерует

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

ПРОЯВЛЕНИЕ МЕТАМОДЕРНА В КАЗАХСТАНСКОЙ ПОП-МУЗЫКЕ

Аннотация. В начале XXI века быстрое развитие информационных технологий привело к тому, что человечество перешло в цифровую эру, где все проблемы стали глобальными из-за появления глобального капитализма. В ответ на это явление сформировался новый общий "язык" - метамодернизм. Этот язык также начал проявляться в музыке, которая является отражением духа времени. Цель данного исследования - выявить проявления метамодернизма в казахстанской поп-музыке, учитывая разнообразие этого явления. Задачи исследования включают анализ метамодернистских элементов в казахстанской поп-музыке с использованием соответствующей теории. В исследовательской инициативе была выбрана теоретическая перспектива постструктурализма и использована методология музыкальной этнографии, в том числе метод контент-анализа, с целью выявления дискурса современной поп-музыки. В результате исследования были выявлены категориальные особенности поп-музыки с метамодернистскими тенденциями. Основные выводы исследования подчеркивают, что казахстанская поп-музыка занимает свое место в мировой музыкальной культуре, сохраняя при этом свою национальную идентичность и в соответствии с современными тенденциями. Отсортирован образ в формировании собственной модели, отражающей современную "структуру чувств". Надеюсь, что это исследование внесет вклад в изучение казахстанской поп-музыки с точки зрения музыковедения и культурологии.

Ключевые слова: метамодернизм, глобальные изменения, поп-музыка, технологии, национальная идентичность, музыкальный стиль, жанр, эстетические тенденции.

Для цитирования: Мухсинова, Мерует «Проявление метамодерна в казахстанской поп-музыке». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, No 2, 2024, с. 212–226, DOI: 10.47940/cajas.v9i2.869

Благодарности: Автор выражает благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Автор прочитала и одобрила окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Mukhsiyнова Meruyet

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

MANIFESTATION OF METAMODERN IN KAZAKHSTANI POP-MUSIC

Abstract. At the beginning of the 21st century, rapid advancements in information technology led humanity into the digital age, where all problems became global due to the emergence of global capitalism. In response to this phenomenon, a new common "language" emerged - metamodernism. This language also began to manifest itself in music, which reflects the spirit of the times. The aim of this study is to identify manifestations of metamodernism in Kazakhstani pop music, considering the diversity of this phenomenon. The research objectives include analyzing metamodernist elements in Kazakhstani pop music using the appropriate theoretical framework. The research initiative selected a poststructuralist theoretical perspective and employed a methodology of musical ethnography, including content analysis, to identify the discourse of contemporary pop music. As a result of the study, categorical features of pop music with metamodernist tendencies were identified. The main findings of the research emphasize that Kazakhstani pop music holds its place in global musical culture while maintaining its national identity and aligning with contemporary trends. A model reflecting the modern "structure of feeling" was developed. We hope that this study will contribute to the study of Kazakhstani pop music from the perspectives of musicology and cultural studies.

Keywords: metamodernism, global changes, pop music, technology, national identity, musical style, genre, aesthetic trends.

Cite: Mukhsiyнова, Meruyet "Manifestation of metamodern in kazakhstani pop-music". *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no. 2, 2024, c. 212–226, DOI: 10.47940/cajas.v9i2.869

Acknowledgments: The author express her gratitude to the editors of the "Central Asian Journal of Art Studies" for the help in preparing the article for publication, as well as to anonymous reviewers for their attention and interest to the study.

The author have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Автор туралы мәлімет:

**Мухсинова Мерует
Жақсыбекқызы** – аға
оқытушы, Темірбек
Жүргенов атыдағы Қазақ
ұлттық өнер академиясының
2-курс докторанты
(Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторе:

**Мухсинова Мерует
Жақсыбекқызы** –
старший преподаватель,
докторант 2-курса
Казахской национальной
академии искусств имени
Темирбека Жүргенова
(Алматы, Казахстан)

Information about the author:

Mukhsiyнова Meruyet Zh.
– Senior lecturer, 2nd year
Doctoral Student of the Temirbek
Zhurgenov Kazakh National
Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-9544-4293

E-mail: online.m.20@mail.ru